



ЖЕТПЕГЕНІ ОСЫ ЕДІ...

ОРАЛДА

Оралда ойламаған жерден шу шықты. Көлік қатынасын жақсарту үшін қайта жөндеуден өтіп жатқан көпір тұрғындардың баспанасын баса-көктеп өтті деуге болады. Тіпті қайсыбірінің үйлері құрылыстың астында қалқайып тұр. Міне, сол тұрғындар ендігі жерде өз үйлерін 3 жылға дейін босата тұруы тиіс.

Жүйкеге тиетін ұсынысты Орал қалалық әкімшілігінің мамандары жасаған. Қыс көзі қырауда қайда барарын білмеген кара халық амалсыздан бұқаралық ақпарат құралдарынан көмек сұрай бастады.

Осының бәріне себепші болып отырған — көне көпір. Жөндеу жұмыстары тіпті тұрғын үйлерге тұмсығын тіреп тұр деуге болады. Айтуға оңай болғанымен, көруге қорқынышты жағдай. Ал баспана иелері болса, үш жылдан кейін тағдырларының не боларын білмейді.

Орал қаласының тұрғыны Асылхан Қазмуллиннің айтуынша, қазір көпір маңындағы жағдай ушыға түскен: «Бәріміздің көзімізше, айналамызды түгел қоршап тастайтындығын айтты.

Егер қоршау орнатылған жағдайда үйімізге не кіре алмай, не шыға алмай қалатын түріміз бар. Оларға «уақытша болса да ешқайда бармаймыз, онда жағдай қалай болады?» деген сұрақ қойдым. «Қалай тұрсаң, солай тұр!» — деді. Бәрінен қызығы, бұл маңда Асылхан секілді азапты көргелі отырғандар баршылық. Олардың жүріп-тұруы үшін қалған бірден-бір жалғыз жол келесі айда басталатын құрылыс жұмыстарына орай жабылмақшы.

Әкімшілік мамандары құрылыс алаңының аумағы тұрғын үйлерге 3 метр жетер-жетпес екендігін айтады. Бұл үйлердің үрейін алып тұр деген сөз. Сондықтан мұнда құрылыс жұмысы біткенше өмір сүрудің өзі мүмкін емес секілді. Осыған байланысты құзырлы

орындар жұртшылыққа уақытша баспана ұсынып отыр.

Қала тұрғыны Тимур Төлеуғалиев «Үйлеріміз екі қыс бос тұрған кездері қабырғалары суықтан қатып қалады. Сол себепті құрылыс сәл-пәл қарқынды жүрген жағдайда қабырғалары жарылуы мүмкін. Үйлердің құлап қалмауына кім кепілдік береді?», — дейді.

Орал қаласының әкімі Мұрат Мұқаев үш үй иесінің біреуі келісіп, осы жексенбі күні заттарын жинап, көшетіндігін, өзгелерімен келіссөз жүріп жатқанын айтты. Олар үйлерінен көпшесі болмайды. Ал үйлердің қауіпсіздігіне әкімшілік басымен жауап бермекші.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

ТҮЙТКІЛ

ҚАЛАҒА КӨШКЕНДЕР КӨБЕЙДІ

2017 жылы 49 мың 795 адам ауылдан көшкен. 2016 жылы 84 мың адам ауылдан кетсе, 2018 жылдың алты айында 44 мың адам қоныс аударыпты. Бұл туралы ауыл шаруашылығы министрінің кеңесшісі Сәкен Қалқаманов хабарлады.



Фото: 191.kz

Елімізде елді мекендерді қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарлама қабылданған. Тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. «Стереотипті жою үшін «ауылда өмір сүру қаладан кем еместігін» түсінуге көмектесетін жүйелі, салааралық шешім керек», — дейді министрдің кеңесшісі.

Оның айтуынша, жастар отандық ауыл шаруашылығында жаңашылдық пен прогресс көрмей отыр. Егер осы үрдіс жалғаса берсе, ауылда кім қалады? Құлазыған далада қираған үйлерді көріп, «Ауылым — алтын бесігім» деген теңеуді қалай айтамыз...

Ауылда тұратын ағайынның туған жерді түлетуден гөрі қалаға көшуге деген құштарлығы басым.

Айтпақшы, Солтүстік Қазақстан облысында 38 ауылдың төрт жүзге тарта тұрғыны болашағы бар елді мекендерге көшірілетіні белгілі болды. Бұл көш болашақта да жалғасатын сынайлы.

Мира ҰЗАҚ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Астанада «Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі және радикалды діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастырудағы әйелдер ұйымдарының рөлі» атты конференция өтті.

Жиын соңына қарай Қоғамдық даму министрлігі Қоғамдық келісім комитетінің Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының директоры Айнұр Әбдірәсілқызына дәстүрлі емес дін өкілдеріне қатысты бір-екі сұрақ қойдық.

Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ:

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНГЕНІ ЖӨН



Jas qazaq: Айнұр ханым, елімізде дәстүрлі емес діни бағыт ұстанғандардың бала-шағасына мемлекет тарапынан қандай жеңілдік қарастырылған, нақты қолдау, көмек көрсетіле ме?

А.Әбдірәсілқызы: Біріншіден, дәстүрлі емес исламды ұстанушыларға, олардың отбасына мемлекет тарапынан мақсатты түрде көмек көрсетіледі деген ұғым тұмауы тиіс. Мұндай мақсатты әрекет жоқ, болуы да мүмкін емес. Мәселе мынада: дәстүрлі емес немесе радикалды ағым идеологиясына елітіп жүрген тұлғалармен тұрақты түрде оналту жұмысы жүргізіледі. Өйткені мұндай ағымдардың мемлекет және қоғам үшін, оның ішінде діндар азаматтардың өздері үшін залал-зардабы шаш-етектен. Мемлекет үшін әрбір азаматтың орны бөлек, өйткені Ата Заңымызда айтылғандай, мемлекеттің ең басты байлығы — адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Сондықтан дәстүрлі емес ағымда жүрсе де, мемлекет өз азаматын сыртқа теппейді, керісінше дәстүрлі қоғам құндылықтарына оралту үшін қолдан келгенін бәрін жасайды.

Дәл осындай себептермен бұл азаматтармен жұмыс жүргізу барысында оларға зайырлы мемлекет қағидаттары мен заңнамаларын, дәстүрлі емес діни ағымдардың залалын, радикалды идеологияның зардаптары мен оларға елітудің салдарларын талдап-түсіндіріп, ұзақ та табанды түрде ақпараттандыру жұмысы жүргізіледі.

Бұған қоса, әдетте мұндай ағым өкілдері қоғамнан оқшауланып, көбіне-көп жамағат аясында шектелетіндіктен, соның ішінде әсіресе әйелдер оқу мен жұмыстан қол үзіп, күнкөріс көзі болмай қалатындықтан, көп жағдайда олар жолдастарынан талақ алып, балаларымен асыраушысыз қалатындықтан мемлекет және үкіметтік емес ұйым өкілдері, оналту орталықтары, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы тарапынан оларға адам ретінде, азамат ретінде қолдау-көмек шаралары ұйымдастырылады. Соның ішінде қайырымдылық көмек көрсетіп, азық-түлік пакеттерін тарату, «Мектепке жол» акциясы қарсаңында балаларға киім-кешек пен оқу құрал-жабдықтарын тарату, ата-аналарының мамандық алуы үшін тегін курстар ұйымдастыру, тегін медициналық көрсету, тігін құрал-жабдықтарын тарату, ынта білдірушілерді қоғамдық ортаға кенінен тарту үшін араб тілі мен діни курстарды ұйымдастыру, өздері жасаған бұйымдарды саудаға қою үшін жәрмеңкелер ұйымдастыру секілді түрлі шаралар жүргізіліп жатады.

Сонымен қатар, құқықтық сауатсыздық салдарынан жәрдемақыға, балаларын тіркеуге қоюға, балабақшаға орналастыруға, т.б. көптеген шараға мүмкіндігі жетпей жүргендерге де кеңес беріліп, қолдау көрсетіледі.

(Жалғасы 2-бетте)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АРҚАДАҒЫ КИЕЛІ МЕКЕН



(Жалғасы 8-бетте)



БИРЖАМЕТР


МҰНАЙ (brent)
76,64

DOLLAR
365,82

EURO
417,58

РУБЛЬ
5,58

КӨРШІ ЕЛДІҢ ҚЫЗЫҚТАРЫ



«Қызығын көрем»
деп параның,
Тірлігін істеді баланың...

(Жалғасы 3-бетте)

БИЛІК

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Америка Құрама Штаттарының сауда министрі Уилбур Росспен кездесті.

Кездесу барысында тараптар екі елдің сауда-экономика және инвестиция салаларындағы қарым-қатынастарының қазіргі жағдайы мен даму келешегін талқылады. Мемлекет басшысы сауда министрінің бұл сапары АҚШ-тың Орталық Азия өңірімен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін айқын аңғартатынын, сондай-ақ өзара экономикалық байланыстарды нығайтуға септігін тигізетінін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев биылғы қаңтар айындағы АҚШ-қа ресми сапары барысында жоғары деңгейде өткен кездесулердің нәтижелеріне тоқталды. Елбасы «Дональд Трамппен өзара түсіністікке қол жеткіздік. Қазақстан мен Америка арасындағы қарым-қатынастар кеңейтілген серіктестік

тоқталып, Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қол қойылған келісімдер жөнінде айтты. «Қазақстан ядролық қарудан бас тартып, әлемдегі ірі ядролық полигонды жапқан соң, біз президент үлкен Джордж Бушпен

ризашылық білдіріп, Астананы көрген кездегі әсері жөнінде әңгімеледі. «Мен Қазақстанға бірінші рет келіп отырмын. Әуежайдан келе жатып, Астананың сәулетіне тамсана қарадым. Сіздерде құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде



СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

деңгейіне көтерілді. Бұл туралы тиісті мәлімдемеге қол қойылды. Мен ресми сапар барысында АҚШ-тың «бизнес капиталдарының» үлкен тобымен кездестім. Бірлескен бизнес-форумда жалпы құны 7 миллиард АҚШ доллары болатын түрлі 27 коммерциялық құжатқа қол қойылды. Бүгінде елдеріміз арасындағы сауда көлемі 2 миллиард АҚШ долларына жетті. Биыл бұл көрсеткіш 30 пайызға өсті», — деп атап өтті.

Сонымен қатар мемлекет басшысы екі ел арасындағы ынтымақтастықтың даму тарихына

ынтымақтастық жөнінде бірінші келісімшартқа қол қойдық. Сол кезде «Шеврон» компаниясы біздің елде жұмыс істеуге ниет білдірді. Бұл компания жұмысының тарихы Қазақстанда бизнес жүргізудің қаншалықты табысты болатынын айқын көрсетеді», — деді Нұрсұлтан Назарбаев. Мемлекет басшысы бүгінде елімізде көпвекторлы саясат жүргізіп отырғанын және серіктес елдердің бәрімен тату қарым-қатынас орнатқанын атап өтті.

Уилбур Росс Нұрсұлтан Назарбаевқа кездесуге мүмкіндік туғызғаны үшін

әрі экономикаларыңыз да қарыштап дамып келеді», — деді сауда министрі.

У.Росс Қазақстанмен сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға ниет білдірген америкалық 16 компанияның делегациясы келгенін атап өтті.

Сауда министрі Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа АҚШ президенті Д.Трампың ізгі тілегін жеткізіп, екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, кеңейте түсуге мүдделі екенін айтты.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

45

млн теңге. Павлодарлық қымбат көлік иелері мемлекетке салық төлемеген

180

мың теңге. Ақтөбе өңірінде осындай жалақыға тракторшы табылмай отыр

10

Алматыда Әл Фараби даңғылымен қарсы бағытта жүрген жігіт осынша күнге қамауға алынды

3

Талғат Ермегияевке түрмеде жақсы жағдай жасап берген колонияның экс-басшысы осынша жылға сотталды

Бәрекелді!

1 қыркүйектен бастап Астана әкімдігінің барлық лауазым иелерінен қызметтік көлігі тартып алынып, шенеуніктерге такси міну міндеттелген еді. Мұндай бастаманы Елорданың бұрынғы әкімі Әсет Исекешев көтерді. Нәтижесінде, бір айдың ішінде қала әкімдігі бюджет қаражатынан 60 пайыз, шамамен 27 млн теңге үнемдеген.

«Такси» жобасы іске асырылғанға дейін астаналық шенеуніктердің қызметтік көлігі үшін ай сайын 40 миллион теңге жұмсалып келген. Ал жекеменшік әріптестік бастамасы

арқылы таксопаркке небәрі 13,5 млн теңге төленген.

Жаңа бастама бойынша әрбір басқармаға ай сайын 600 мың теңге бөлінеді. Кейбір көлік қызметіне жүгінбейтін құрылымдарға бұдан да аз қаражат жұмсалады. Шенеуніктердің такси қызметін пайдалануы мобильді қосымша және тиісті құжаттар арқылы бақыланады.

Елорда әкімдігі баспасөз қызметі өкілдерінің мәліметі бойынша, мемлекеттік қызметкерлердің тұрақты түрде такси қызметіне жүгінуі барысында таксопарктер көліктерін жанартып, қызмет көрсету сапасын көтеруге де мән бере бастаған.

(Өз тілшімізден)

ТАКСИГЕ МІНІП ЕДІ, ТАБЫС МОЛАЙДЫ



Жедел сұхбат

Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ:

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНГЕНІ ЖӨН



Мұның барлығы оналту жұмыстарының бір саласы — әлеуметтендіру бағытындағы қалыпты шаралар болып табылады. Бұл жұмыстардың максаты — әлеуметтік қолдау көрсете отырып, аталған азаматтарды қоғамға және зайырлы құндылықтарға қайта бейімдеу. Бұл тәжірибе Қазақстанда ғана емес, әлем

мемлекеттерінің барлығында дерлік жүргізіледі.

Jas qazaq: Олардың ата-аналары осы қамқорлықты қалай түсінуде? Сіздің ойыңызша, осы қамқорлықтың қайтарымы қандай болып жатыр? Жок, әлде олар мұны басқаша қабылдай ма?

А.Әбдірәсілқызы: Жоғарыда аталған шаралар барысында дәстүрлі емес ағым

өкілдеріне ғана емес, көмекке зәру қатардағы қоғам мүшелеріне де жәрдем беріледі. Өкінішке қарай, дәстүрлі емес ағым өкілдері тарапынан кейде өздеріне қатысты астам пікірлер де туындап жатады. Нақты айтқанда, «мемлекеттің өзі бізге барлық жағдайды жасап жатыр, демек, олар бізді мойындайды немесе қорқалды» деген пікірлердің окшауланған жамағаттар арасында тарай бастағанына біз куә болып жүрміз. Бұл орайда, олар мемлекеттің дәстүрлі емес ағым мүшелерінен қорыққандықтан немесе оларды қолдағандықтан емес, адам және азамат тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарағандықтан, құқықтық құндылықтарды құрметтегендіктен осындай ізгі қадамдарға барып отырғанын түсінбейді немесе мойындағысы келмейді.

Сондықтан мұндай ұшқары пікір, шетін көзқарасты туындатпау үшін ендігі кезекте оналту шаралары барысында әлеуметтік қолдау көрсетуде қандай да бір қосымша шарттарды қарастыру керек тәрізді. Әлеуметтік көмекті қабылдап қана қоймай жеке

тұлғалар мемлекет азаматы ретіндегі жауапкершілігін сезініп, мемлекет алдында тек құқықтары ғана емес, міндеткерліктері де бар екенін түсінуі тиіс. Және ол алға тартылған кезде, құқықтар кері шегінетінін де азаматтар ұғынуы қажет.

«Мемлекеттен не аламын?» деп емес, «мемлекетке не беремін?» деп ойлаған сәтте ғана оны шынайы діндар азамат деуге болады. Өйткені дінде отан және мемлекет құндылықтары, басшыға бағыну қағидаттары ұлықталады. «Отанды сүю — иманнан» дейді Мұхаммед пайғамбардың хадисінде. «Екі көз тозақ отына күймейді, бірі — тәубесіне өкініп, шын жылаған көз, екіншісі — шекара күзеткен көз» деген хадис те бар. Басшыға бағыну, бүлік шығармау да исламның негізді қағидаттарынан саналады. «Бүлік шығару — кісі өлтіруден де жаман» делінеді Құран аяттарында. Сондықтан шынайы діндар адам — нағыз мемлекетшіл, отаншыл, бірлікшіл тұлға болмағы ләзім...

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА

Әлеумет.t⁰



Тәуелсіздікпен бірге өскен буын комсомол дегенді естігені болмаса, көрген жок. Бірақ тарихпен бірге кетіп, көнекөз шалдардың есінде елесі қалған сол комсомолды жан-тәнімен сағынатындар әлі бой көрсетіп жүр. Олар тәуелсіздіктің туын тіккен Алматыда комсомолдың 100 жылдығын ұлан-асыр той жасап, мәдениеттің мәйегі саналатын театрда дүркіретіп тұрып атап өтті.

Коммунизмнің бел баласындай болған комсомол тойына кілең шенеуніктер келіпті. Олардың арасында депутаттар мен елші, әртүрлі партия мүшелері де жүр. Кезінде партия қолғанаты

кеткен. Бұл тарих қой. Оны қалай ұмытамыз?» — депті.

Комсомол тойына барғандардың жүрек түбінде саркылмай, сартап болып сақталған қандай сағыныш? Бір жүрекке екі партия сия ма? Көнені көксегендердің түпкі төркінін белгілі саясаттанушы Дос Көшімнен сұрап көрдік.

Дос Көшім әңгімесінің беташарын «Әлі күнге дейін қоғамның өзгергенін, мүлде басқа арнаға түсіп кеткенін білмеуден туған дүние» - деп бастады. — Бірақ «білместік» деп ақтаудан аулақпын. Тіпті бұл ащы да болса, қазақ қоғамына пысықырмау. Олар

ТАРИХ ПЕН ТОЙ

болған комсомолға еңбек сіңіргендердің барлығы айтулы мерекеде «Комсомолдың 100 жылдығы» медалімен марапатталған.

Хош делік! Сонымен, тарих сахнасынан сызылып қалған комсомолдың ғасыр тойын тойлағандарды біреу даттап, біреу актап — қоғамдық пікір екіге жарылды. Алғашқы топ «Өткен жылы ғана жетім қыздың тойындай болған Алаш үкіметінің 100 жылдығы неге бұл деңгейде аталмады?» деген орынды уәжді көлденен тартты. Ал комсомол тойына барып, төсбелгі таққандарды ақтағысы келгендер, одан ешқандай саяси астар, қоғамдық сын іздеудің қажеті жоқ екенін айтады. Айтпақшы, комсомолдың ғасыр думанында болған Алматы қоғамдық кеңесінің төрағасы Рахман Алшанов телеарналардың біріне берген сұхбатында «Қазіргі жастар комсомолдардан қатты қалып

осыны түсінген жок. Олар тіпті сол комсомолдың, коммунистік партияның жасаған қылмыстарын мойындағысы келмейді, — деді. Ойын одан әрі сабақтаған саясаттанушы «Алаш тойын мемлекеттік деңгейде тойлаған жокпыз. Баспасөз осы екеуін салыстырып, айтып, жазып жатыр. Менінше, мұндай мереке-мейрам, күнтізбелерді халық өзі тойлауы керек. Мемлекет айта ма, айтпай ма, онымен шектелмеуі керек. «Алаш» қозғалысының 100 жылдығын атап өтпендер!» деген ешкім болған жок. Бірақ қарапайым халық ұйымшылдық көрсете алмады» — деп ойын түйінделді.

Қалай десек те көпшілік көкейінде «Бұл тарихқа тағзым ба, әлде экзеткі той тойлау ма?» — деген сұрақ қалды...

Жарас ШӨКЕ





Дәулетхан Қыдырбайұлы: Биылғы Жолдауда Елбасы Н.Назарбаев ауыл шаруашылығына қатысты үлкен сыни ескертпелер жасады. Сонын ішінде жер иелері үлкен-үлкен жерлерді иеленіп алып, ол жерде не өздері жұмыс істемей, не игілік үшін елге бермей Елбасының «шөмеле қорыған иттей» деген тенеуін иеленді. Бұл — үлкен сын. Есіңізде болса, осыдан 2 жыл бұрын жер мәселесіне байланысты Ұлттық комиссия құрылды. Ол кезде қоғам белсенділері «латифундистер» жерді қайтаруы керек деп дүрліккен еді. Жерді оларға беруге шектеу қоя керек дегенді айтты. Елбасының осы мәселені қайта қозғауына қарағанда, Ұлттық комиссиядан да, Жер туралы кодекстен де ешқандай пайда болмағаны ма?

Жексенбай Дүйсебаев: Бұл мәселеге ең алдымен

Елбасының биылғы Жолдауында ауыл шаруашылығы министрлігіне қатысты қатаң сын айтылды. Онда мыңдаған гектар жерді иемденіп не өзі игермей, не өзге жұртты жолатпай отырғандар төңірегінде сөз қозғалды. Мемлекет басшысының «шөмеле қорыған иттей» деген теңеуі айтуы да тектен-тек емес. Осыдан 2 жыл бұрын ғана жер дауына байланысты ұлттық комиссия құрылып, жұмыс істеді. Жер кодексіне өзгерістер енгізілді. Сонда да Елбасы бұл тақырыпқа қайта оралып, түйінді барынша батырып айтып жатса да, қолданылған шара барлық мәселені толық шешпеген сыңайлы. Біз сонымен жер мәселесіне қатысты түйінді түйткілдерді бір саралап алуды жөн көрдік.

ДӨП пікірсайыс клубының бұл жолғы қонағы Мәжіліс депутаты Жексенбай Дүйсебаевпен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы сан соқтырған сауалдарға жауап іздейді.

соны түбіне дейін жеткізіміз керек.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Ауыл шаруашылығында өнеркәсіп кешенін дамытуға қыруар қаржы бөлініп, ол жүзеге асырыла бастады. Кейін іле-шала министр жерді қайтаруы керек деп дүрліккен еді. Жерді оларға беруге шектеу қоя керек дегенді айтты. Елбасының осы мәселені қайта қозғауына қарағанда, Ұлттық комиссиядан да, Жер туралы кодекстен де ешқандай пайда болмағаны ма?

Жексенбай Дүйсебаев: Бұл мәселеге ең алдымен

Жексенбай Дүйсебаев: Бізде өңдеу орындарының 60 пайызы ғана шикізатпен қамтылған. Қалған 40 пайыз отандық өнімдермен қамтылмаған. Мәселе осында. 2014 жылдары сырттан мал әкеле бастадық. Ал 2016–2017 жылдары 60 мың тонна етті экспортқа шығарамыз дедік. Бірақ осының барлығы қағаз жүзінде қалып қойды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: 2016 жылы 60 мың тонна ет экспортқа шыққан жоқ. Ал биыл бұл көрсеткіш қандай деңгейде?

Жексенбай Дүйсебаев: Жоқ, шықпады. Бұл

БАНКТЕР АЛПАУЫТҚА НЕГЕ ЖОМАРТ?



тереңірек үнілу керек. Жер кодексі биыл жазғытұрым күшіне енді. Қазір қолданыста. Бұл мәселе сол кездегі жер кодексінен басталып, біраз қарама-қайшылықтар туындады. Қарама-қайшылық дегеніміз — мұнда шектеу болмады. Кім қанша жер алғысы келсе, сонша алуына тура келді. Сол бойынша қандай да бір мониторинг жүргізілмеді. Талдау мен бақылау болмады. Қазіргі уақытта бұл мәселеге түзету енгізілді. Сондықтан бұлардың барлығы өткен кодекспен алынған дүниелер. Жана Жер кодексінде қазір бөлінетін жерге қатысты барлық мәселе қарастырылады. Егістік жерлердің иелері анықталып, тексеріс шаралары жүргізіледі. Жердің құнарлы болуы үшін қандай жұмыстар жүргізілуде, қандай техника қолданылып жатыр? Осы секілді мәселелер жіті тексеріледі.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Осыдан 2 жыл бұрынғы Ұлттық комиссия жалпы қай аумақта қанша жер бар екенін анықтамаған ба?

Жексенбай Дүйсебаев: Оның барлығы сол кезде айтылды. Осының нәтижесінде жана Жер кодексі пайда болды. Енді

ұтты деп айтуға болмайды. Бұл жерде барлық шаруашылықтарды дамыту керек. Қазіргі бізде қосалқы шаруашылықтан бастап ірі шаруа қожалықтары, орта шаруа қожалықтары бар. Сонымен қатар холдинг пен егістік компаниялары баршылық. Олардың барлығы бірдей дамуы керек. Қазіргі таңда бөлінген субсидиялардың, үкіметтен бөлінген ақшаның өзі көбінесе тек қана ірі компанияларға түсіп жатады. Ал ұсақ шаруашылықтар мен орта шаруашылықтар сыртта қалып қояды. Оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің портфелін салыстырсаңыз, олардың өзі 4 пайыздан аспайды. Бұл — ауыл шаруашылығын дамытуға бөлінген қаржы. Осы 4 пайыздың өзін алып қарайтын болсақ, оның 99 пайызы ірі компанияларға бөлінген.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сіз айттып отырған барлық шаруашылықтарды ірілендіруге де, бордақылау аудандарын салуға да, тіпті сүттің танкерін сатып алуға да қыруар қаржы бөлінеді емес пе? Мұны қазір қаншалықты пайдаланып жатырмыз?

— үлкен мәселе. Ауыл шаруашылығындағы өнімдеріміз ет, сүт өнімдерінің барлығы өңдеусіз кетеді. Тек шикізат күйінде кетіп жатыр.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Асқар Мырзахметовтың, одан әрі Өмірзақ Шөкеевтің кезіндегі бағдарлама болсын, солардың барлығы күні кеше қабылданған Жер кодексі де депутаттардың алдынан өтеді. Сонда заңдардың барлығына бақылаусыз мөр басылып өте бере ме? Осы процестердің барлығына белгілі бір деңгейде депутаттардың өзі кінәлі емес пе?

Жексенбай Дүйсебаев: Мысалы, бағдарламаларды біз бекітпейміз. Бекітетін — үкімет. Бізден сұрайды, пікірімізді тындайды. Алатынын алады, алмайтынын алмайды. Мәселе осында. Бағдарламаның қабылданып немесе қабылданбауына біз ықпал ете алмаймыз. Бірақ бағдарлама таныстырылады. Мен бұл туралы айтып та келе жатырмын. Біз бір бағдарламаны аяғына дейін неге жеткізбейміз. Мұның себебі неде? Жанағы бағдарламаның іске толық аспауы тәжірибесі мол, көзқарасы терең мамандардың жоқтығынан деп ойлаймын. Осыдан барып өзгерістерден өзгерістерге ұшырай береміз.

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Бассыз баға

Қазір сауысқандай сақ болмасаңыз, жымын білдірмей тонайтын алаяқтар көп. Мұны неге айтып отырмыз? Есеп-қисабыңыз анық болмаса, монополист компаниялар жарық пен жылуды жырмалауға көшкен. Еліміз бойынша коммунальдық тарифтерді негізсіз өсіргендер заңсыз жолмен 30 млрд теңге пайда тауыпты. Мұндай заңсыздық

компаниялардың арасында «Қарағанды Жарық», «Жамбыл электр желісі», «Талдықорған жылу», «Көкшетау» мен «Қапшағай жылу» да бар.

Прокурорлар монополистердің коммуналдық ақыны негізсіз өсіруін бақылаудың төмендігінен көріп отыр. Ауадан ақша жасап келгендердің әрекетіне байланысты Бас прокурор Қайрат Қожамжаров былай дейді: «Энергетика және Ұлттық экономика министрліктері тарапынан бақылау тиісті деңгейде жүргізілмейді. Мәселен, монополияға қарсы қызметтің үш жылдық жұмысын, прокурорлар бір ғана тексеру арқылы артығымен орындап тастады».

ҚЫЗЫҒЫН КӨРГЕН «ЖАРЫҚ», ҚАЛТАСЫ ҚАҒЫЛҒАН ХАЛЫҚ

Бас прокуратураның тексеруінен кейін анықталып отыр. Сөйтіп, еліміз бойынша ондаған монополист компания жылу мен жарықтың ақысын едәйі өсіріп, заңсыз жолмен ақша жинап келгені әшкере болды. КТК телеарнасының хабарлауынша, халықтан жиналған қыруар қаржының алды иелеріне қайтарылып жатыр.



Жарық пен жылуға жүргізілген тексеруден соң 14 өңірде баға төмендейтін болды. Оның үстіне, монополистер 5 миллион тұтынушыға өздері артық жинаған ақшадан 13 миллиард теңгені төңдей бөліп қайтарып берген. Қалған ақшаны да тұрғындарға жуық арада қайтарып беруі тиіс. Бұл әлгі заңсыз жолмен ақша тапқандарды жауапкершіліктен құтқармайды. Қазір қарапайым халықтың қалтасына түскен компания басшылары 160 миллион теңгеге жуық айыппұл аркалап үлгерген. Сонымен бірге 10 адамға қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Жарас ШӨКЕ

Қылтұзақ

Астанада белгілі өнші қаржы пирамидасын құрып, алаяқтықпен айналысқаны үшін айыпталды. «Ақжайнақ» қаржы пирамидасының басшысы Амангүл Өтегеноваға сеніп, ақша салғандардың арасында эстрада әншілері мен көпбалалы аналар да бар.



Астана қалалық полиция департаменті хабарлағандай, әншіге алданғандардың жалпы саны 7000 адамға жеткен. Оның ішінде әншінің өнердегі әріптестерінің өзі жүз шақты. Қазірге дейін «Ақжайнаққа»

салынған ақша 110 миллион теңгеге жетіпті.

Қаржылық ұйымға әр қатысушы шамасына қарай 20 000 теңгеден бастап ақша салып отырған. 5-10 күннің ішінде артынан 2 адам алып келуі керек. Ондай жағдайда, әлгі салған қаржы екі еселеніп,

Алдын ала тергеу кезінде анықталғандай, шілденің 17-18 күндеріне дейін ақша салғандар өз қаржысын өсімімен екі еселеп алып, кейінгі салған адамдар көк тиынсыз қалған. Осылайша аталған ұйым биыл тамыз айының ортасына дейін ғана өнімді жұмыс істеген

«АҚЖАЙНАҚ» ӘН ЕДІ...

көрінеді. Жұрт та салған қаржысының бір аптада екі еселенгеніне дәндеп алған көрінеді. Сөйтіп, халық топырлап кірген. Сонында бәрі тақырға отырыпты.

Астаналық Айгүл Андабаева бақандай 900 мың теңгесін салыпты. Ал «әншінің құрбаны болдық» деген топтың арасында Гүлден Бакытжанова есімді келіншек те бар. Ол «40 мың теңге ақша салып отырсыз. Үш күн сайын 12-22 пайыз

түсіп отырады деп еді. Біз оның сөзіне сеніп қалдық», — дейді.

Қаржы пирамидасына қатысты тергеу амалдары басталып кетті.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Көрген көзде жазық жоқ



Көрші елдің қызықтары

ШАШУ-ПАРАНЫ ПОЛИЦИЯ ЖИНАДЫ

Ол бір кәсіпкерден 2 миллион рубль ауызбастырықтың 300 мыңын ғана алып үлгерген. Әлгі кәсіпкер ақшаны қалалық депутаттың бірі арқылы беріп жіберіпті. Алайда депутат шенеуніктің көлігіне отырып параны беру сәтінде полицейлердің күдігіне ілінеді. Тәртіп сақшыларының «тоқта» деген бұйрығына бағынбай жүйткішен көліктегі шенеунік пен депутат алған ақшасын жол-жөнекей тойдың



шашуындай шашыпты. Ақшамен қара жолдың ажарын кіргізген күдіктілер қолға түскенімен, олардың бұл қылығы көпшілікті күлкіге қарық қылды. Ал жол бойындағы ақшаны жинауға полицейлер біраз уақыт жұмсаған көрінеді.

Ресейдің Ленинград облысына қарасты Таксово қаласының мэрі парадан құтылу үшін ақшаны жолға шашты.

Тұрғындар науқастанған кезде өз-өзіне дәрілік зат тағайындап, қабылдау арқылы қателік жасап, аурудың созылмалы түріне өкеліп соқтырады. Ағза үйреніп, кейін қолданылған дәрілердің тиімділігі төмендеуі мүмкін. Учаскелік дәрігерге қаралып, нұсқауы бойынша дәрі қабылдау қажет деп ескертеді. «Денсаулық» бағдарламасы да стационарда ем қабылдауды азайтып, дерттің алдын алуға бағытталған. Бұл мақсатқа биыл Ақтөбе облысы бойынша 4 миллиардтан артық қаржы бөлінген. Алдағы жылдары қаржы көлемі артуы көзделген.

бар. Яғни 2018 жылдан бастап денсаулық сақтау саласы түгел цифрландырылуға толық көшірілуде, дәрі-дәрмекті сатып алу шарттары да электронды түрде өткізіліп жатыр. «Биыл амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен қамтамасыз ету орталықтандырылды. Барлығы 48 ауру түрі, яғни нозология бойынша «СК-Фармация» ЖШС-і бірыңғай дистрибьюторы арқылы дәрі сатып алу іске асырылды. Бұл мақсатқа барлығы 4 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп, игеріліп жатыр. Қаржының 3,6 миллиард теңгесі жұмсалып, дәрі-дәрмек жеткізілді. Сонымен қатар жаңадан анықталған науқастарға қосымша келісімшарт арқылы жүргізіліп жатыр. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің ақпараттық жүйесі арқылы

саны міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізілгеннен соң артуы мүмкін. Облыс көлемінде халықаралық стандарттарға сай сертификатталған «ТК Фарм» ЖШС сұйық және таблетка, капсулалар түрінде дәрі шығаратын өндіріс орны бар. Өнімдер санын жылма-жыл көбейту үстінде», — деді Ринат Құбатаев.

Мемлекетіміздің қабылдаған «Денсаулық» бағдарламасы аясында стационарға жатып ем қабылдаудан гөрі, аурудың алдын алуға басымдық берілген. Стационарлық ем шығынды көп қажет етеді. Яғни жататын орны, керуеті, тамағы кешенді ем ішіне кіреді, ал уақытылы дәрігерге көрініп, дертті ерте анықтап, емін ертерек бастау науқасқа да мемлекетке де тиімді. Осы мақсатқа бағытталған шаралардың бірі — скрининг жүргізу. 40 жыл бұрын қабылданған Алматы декларациясында әлемде инфекцияға қарсы емге күш салса, биылғы Астанада өтетін 119 елден келетін денсаулық сақтау саласының

қатар дәрілік заттардың өндірушіден бастап науқасқа дейінгі жолын тиісті стандарттарға сай талаптары еліміздің барлық өңірлерінде енгізілуде. Дәріні жеткізу кезінде температуралық режімі сақталып, күннің кезінде тұрып қалмауы, сапасына, тиімділігіне көп көңіл бөлінеді.

Дәрілік заттар зертханалық бақылауға алынған. Батыс өңірі бойынша Ақтөбеде дәрілердің сапасын тексеретін зертхана орналасқан, бақылау жергілікті жерде жүргізіледі. Бағдарлама аясында әсері бірдей, бағасы әртүрлі дәрілік зат болса, мемлекет арзанына басымдық береді. Ал трансплантология саласында мұндай шектеу жоқ.

Фармация комитетінің Ақтөбе облыстық депармент басшысы Р.Құбатаев «Дамыған Данияда дәрінің баламасы көп шығарылады. Құрамы мен әсері бірдей болса, арзанын қолдануға болады. Қазақстанда да екі бірдей дәрінің арзанын алады. Ал адамның дене мүшесін ауыстырса, дәрінің түпнұсқасын қолдануы қарастырылған. Тегін дәрі-дәрмек бос сөз емес. Мемлекет ауру тізімін анықтады, оған берілетін дәріні тегін беру міндетін алды. Соған сәйкес науқас өзіне тиесілі емді алуы тиіс», — делі.

«Денсаулық» бағдарламасы аясында келер жылдан бастап дәрі-дәрмектің бағасы бақылауда болады. Бұл талапқа бағынбағандарға алдымен

АУЫРМАУДЫҢ ЖОЛЫН ІЗДЕЙТІН ШАҚ КЕЛДІ



«Фармацевтика саласының дамуы дәрілік заттардың қолжетімділігі, сапасы, тиімділігі мен қауіпсіздігі қағидастарына негізделген, болып жатқан интеграциялық процестер жағдайындағы денсаулық сақтау жүйесінің, қазақстандық қоғамның, фармацевтика нарықтарының заманауи талаптарын ескере отырып, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің пациентке бағдарланған моделін құруға бағытталатын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы ұлттық дәрі-дәрмек саясатымен (ҰДС) айқындалады»

(«Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)

2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламада дәрілік заттар мен медициналық құрал-жабдықпен қамтамасыз ету талаптары

81 мыңнан астам науқасқа көмек көрсетілгені анықталды. Тізімге кірмеген, бірақ науқас үшін қажет дәрі облыстық мәслихаттың шешімімен алынды. Дәрі Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оларға теңестірілген адамдарға берілді. Биыл сирек кездесетін орфандық ауруға шалдыққан 71 науқас пен 300 ҰОС ардагері, оларға теңестірілгендер ем қабылдады», - деді денсаулық сақтау министрлігі, Фармация комитетінің облыстық департамент басшысы Ринат Құбатаев.

Елімізде 2019 жылдан бастап Денсаулық сақтау саласы электронды төлқұжатқа көшеді. Бүгінгі күні тегін берілетін дәрілік заттар рецепттері электронды түрде жазылуда. Облыс емханаларында тегін берілетін дәрілер «Болашақ» дәріханасы арқылы қамтамасыз ету автоматтандырылған жүйе арқылы жүргізілуде. 2020 жылдан бастап барлық тағайындалған дәрілерге рецепт жазу электронды түрге көшіріледі. Кез келген науқас дәріханаға барып, жеке сәйкестік нөмірі арқылы ала алады. Барлық дәрінің орамасына штрих-код енгізіліп, сатып алынған күннен бастап оны жеткізу жолдары түгел көрінеді. Ал штрих-код дәрінің ізін жоғалтып алмауға көмектесе отырып, елімізге өкелінген күннен бастап науқасқа жеткенге дейінгі жолын ашық бақыланады. Дәрілердің қауіпсіздігіне назар аударылып, жасалды дәрілік заттардың жолын кесуге бірден-бір мүмкіндік береді. Осы жаңа бастама ең алдымен бюджет қаражатынан қамтамасыз етілетін дәрілерге енгізіледі.

«Облыста барлығы 400-ге жуық дәріхана бар. Алдағы уақытта дәріні тегін беретін дәріхана



басшылары инфекциялық емес, яғни жүрек-қан тамырлары ауруы, онкологиялық дерт, т.б. ауру түрлерін емдеу декларациясын қабылдайды. Бұл денсаулық сақтау саласындағы жаңашылдық болып тұр.

Р.Құбатаев «Соңғы жылдары бір дәрінің бірнеше әсері бар түрі шығуда. Аса ауыр дерті болмаса науқасқа екпе салуға болмайды. Абайсызда теріні, тамырды жаралау кезінде қан айналымына өзгерістер енуі мүмкін», — делі.

Бағдарламадағы «Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бөліміне сай елімізде дәрілік заттардың өндірісі толық стандартқа сәйкестендірілуде. Ал мамандар, фармацевтикалық инспекторлар шетелге барып, тәжірибе жинады. Сонымен

айыппұл салынады, кейін лицензиясынан айырылады. Ал ақтөбелік дәріханалар мен фармация комитетінің облыстық департаменті меморандумға қол қойып, бұған дейін сол келісімге сәйкес дәрінің құны тым шарықтап кетпеуіне жағдай жасалды.

Ринат Құбатаевтың айтуынша, дәрілік заттардың сұранысын жасау кезінде науқастардың саны мен ауру түріне ерекше мән беру керек. Ал денсаулық сақтау басқармасы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университеті базасында клиникалық фармакологтар дайындағаны дұрыс. Әрі дәрілік заттармен қамтамасыз етуге мониторинг жасау үшін депутаттар мен қоғамдық ұйымдардың жұмыс тобын құру маңызды.

Еліміздің әрбір азаматы күрделі ота жасатып, денсаулығына байланысты тиісті ем алғысы келсе, емханаға тіркеліп, медициналық сақтандыру жарнасын төлеуі тиіс. Алдағы жылдары сақтандырылған адамдар ғана күрделі отаны жасата алады. Қазір арнайы тізім жасалып, олардың тіркелуін жергілікті полиция, көші-қон басқармасы, еңбек инспекциясы, қаржы институттары мен жұмыспен қамту орталығы, денсаулық сақтау басқармасы мен білім саласы бақылауға алды. Әр сала өзіне тиісті жұмысты атқарады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында мемлекеттің, жұмыс беруші мен азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті медициналық сақтандыру жүйесі енгізілді. Яғни бәрі де адам денсаулығына жауапты, жарна төлеп, кез келген уақытта жоғары технологиялы ем алуына жағдай жасауы тиіс. Үштік бір жүкті арқалаған кезде медицинаны дамытып, жоғары сапалы көмек, ем көрсетуге болады. Қазір еліміздің түпкір-түкпірінде ақпараттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Медициналық кластерді дамыту міндетін алған Ақтөбе облысында да жан-жақты шара қабылданды. Тіпті кейбір адамдар жеке емханаларды тандап, өзіне қажетті емді тегін алып үлгерді. Ақтөбе облысы бойынша әлеуметтік сақтандыру қоры филиалының бөлім жетекшісі Салтанат Оңғар «Ақтөбе облысы бойынша 22 жеке медициналық ұйым 29 қызмет түрін көрсетуге сақтандыру қорымен келісімшартқа отырды. Мәселен, «Дару», «Көзқарас», «Интертичъ», «Қуаныш» секілді жеке клиникалар әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында белгілі бір қызметтер бойынша науқастарды тегін қабылдай алады. Ол үшін тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша дәрігеріңізден жолдама алуыңыз керек. Ол сіздің қандай

да бір медициналық көмекке зәру екеніңізді дәлелдейді. Содан кейін, дәрігер электронды базадан ауруханалардағы бос орындардың тізімін қарап, науқасқа өзіне ыңғайлы клиниканы таңдау ұсынылады», — дейді. Қазір облыс тұрғындары әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылықтарын түсіне бастады. Жыл басынан бері шамамен 9 мың ақтөбелік азамат жеке клиникаларда тегін

жарнаны төлеуге келісіп отыр», — дейді. Ақтөбе облысы бойынша 32 мыңнан астам адам үй шаруасымен айналысатынын, жұмысқа орналасуды қажет етпейтінін айтқан. Қалада тұратындары айлық есептік көрсеткіштің, яғни 2 мың теңгеден астам қаржыны сақтандыру жарнасы ретінде төлеп тұруы тиіс. Ал ауыл тұрғындары АЕК-тің тең жартысын ай сайын жарна ретінде беріп отырса, денсаулығы сыр бергенде жоғары технологиялы отаны тегін

ересектер мен балаларға медициналық оналту жүргізіледі. Қазіргі кезде елімізде емханаларға тіркеу жұмысы жүріп жатыр. Медициналық сақтандыру қоры облыстық филиалының директоры Гүлмира Қожаниязованың айтуынша, 2017 жылы 16 мыңнан астам ақтөбелік тұрғын еркін таңдау құқығын пайдаланған, ал 66 мыңнан астамы жеке емханаларға тіркелген. Науқас қаралып жүрген емханасына көңілі толмайтын азаматтарға емдеу мекемесін

МЕДИЦИНА: САҚТАНДЫРУ – САПАЛЫ КӨРСЕТКІШ

медициналық көмек алды. Соның ішінде 5700 науқас жеке клиникалардың стационарына жатса, 3280 адам күндізгі стационарда ем қабылдады.

Бұл тұрғыда дәрігер Рысгүл Кабылова «Елімізде міндетті әлеуметтік-сақтандыру қоры құрылып, адамдар өз статусын анықтап жатыр. Кез келген адам емханаға барып, жеке куәлігін көрсетіп, бас дәрігердің атына арыз жазады. Сол кезде тіркелген адам өзіне тиесілі медициналық қызметтің сапалы болуын талап ете алады. Егер бір емханада кезек артып, екіншісінде адам аз болса, адамдардың емхананы ауыстыруына мүмкіндігі бар.

Еліміз бойынша санитарлық авиация, жедел жәрдем қызметі тегін күйінде қалады. Сонымен қатар әлеуметтік ауруларға ем тегін жүргізіледі», — делі. Тегін медициналық көмек алатындар да бар. Олар — мүгедектер, соғыс ардагерлері, алтын, күміс алқа иелері, балалар мен студенттер. Дәрігердің айтуынша, тегін дәрі-дәрмек беру, медициналық қызмет көрсету

кезінде азаматтар тарапынан айтылған кез келген арыз-шағым тексеріліп, тиісті шара қолданылады. Бәсекелестікті арттырып, емхана дәрігерлерінің жауапкершілігін күшейтетін қор жұмысы үнемі бақылауда болмақ.

Ақтөбе облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Бибігүл Бисенғалиева «Соңғы мәліметтерге сүйенсек, өңірде 100 мыңнан астам адамның тең жартысы статусын

жарнаны төлеуге келісіп отыр», — дейді.

Ақтөбе облысы бойынша 32 мыңнан астам адам үй шаруасымен айналысатынын, жұмысқа орналасуды қажет етпейтінін айтқан. Қалада тұратындары айлық есептік көрсеткіштің, яғни 2 мың теңгеден астам қаржыны сақтандыру жарнасы ретінде төлеп тұруы тиіс. Ал ауыл тұрғындары АЕК-тің тең жартысын ай сайын жарна ретінде беріп отырса, денсаулығы сыр бергенде жоғары технологиялы отаны тегін



анықтады. Ал 48 мыңнан астам адам әлі белгісіз күйінде қалып отыр. Олардың 5700-ден астамы бірыңғай зейнетақы қорына ақша аудармай жұмыс істеп жүр. Ал 2 мыңнан астамы өз мекенжайын ауыстырып, өзге елге кеткен. Шетелде білім алып жүрген 200-ден астам студент бар. Бар болғаны 2500-ден астам адам әлеуметтік медициналық

жасата алады. Әрі гормональдық фонды зерттеу, витаминдердің жетіспеушілігін сараптау, полимеразалық тізбек реакциясы, компьютерлік томография, магниттік-резонансты томографиясы және тағы да басқа қызмет енгізілген.

Кардиология, кардиохирургия, неврология, нейрохирургия, травматология мен ортопедияда

тіркелу үшін азаматтар тура емханаға барады, электронды үкімет порталы арқылы онлайн режімде тіркеуді іске асырады және Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметіне жүгінеді. Бұл тіркелудің үш жолы.

Бетті дайындаған Алтынай САҒЫНДЫҚОВА, Ақтөбе

Айдие Айдарбеков – Қазақстанның 100 жаңа есімі қатарындағы өнерлі жастардың бірі. Бірі ғана емес – бірегейі. Ол бала кезінен жазушы болуды армандаған. Қиялында әдебір адамның кескін-келбетін жасап, өз ойы жеткенінше ішкі әлемін сомдап, жан бітіретін. Өзгеге өнеге ету үшін оның жақсылыққа ұмтылған әрекетін, ізгілікпен лүпілдеген ниетін айтқысы келетін. Содан да болар, айналасындағы адамдардың бойынан жақсылық іздеуге тырысты.

Алғашқы хабар-ошары, мақалалары бұқаралық ақпарат құралдарына шыға бастаған күндер де жалында. Титімдей дүниесі шықса, төңірек түгел танитындай қанаттанып қалушы еді. Әсіресе, жазған мақаласының астында жытытып тұратын Айдие Айдарбеков дейтін аты-жөнін көрген сайын күндердің бір күнінде жазушы болатынына көміл сенетін. Жазу оның футболмен, бокспен де

бастамасымен жүзеге асырылған қамқорлыққа шексіз риза. Әйтпесе, академия қайда, бұл қайда? Лос-Анджелесте білім алуды армандап еді. Енді сол асқаралы асуға шығаратын соқпақ жолға табан ілкіртіді. Соңғы сәтке дейін сене алмаған. Қиялшыл бозбаланың арманға толы жүрегі лүп-лүп етеді. Заңғар таулар қоршаған, етектегі мың сан адамдары қарбаласқан әр тілде сөйлейтін, кескін-кейпі сан алуан жұрттың ортасынан табылу, қиял әлемінде қанша рет қақпасын қаққан өзге реңді, беймәлім дүниенің қайнаған ішінде жүру кез келген жастың мандайына жазылатын бақыт па, тәйірі?..

Лос-Анджелесті туған үйіндеі сезінеді. Мұнда орыс тілділер аз емес, арагдік қазақстандықтарды да кездестіруге болады. Әр алуан мәдениеттің, сан түрлі дәстүрдің мидай араласып, тоғысқан жері. Жергілікті жұрттан бөлек қытайларды, кәрістерді, армяндар мен орыстарды, өзге де ұлт өкілдерін кездестіруге болады. Бал арасындай үймелеп жатқан қалың жұрттың ортасында әлемге аты шыққан тұлғаларды да жолықтырар едініз! Оларды көше бойынан да

Кино өнері тебірене толқып жатқан теңіз іспеттес. Бір толқын қақпақылдап бетіне қалқытып алып шықса, іле жеткен екіншісі алақанына салып көтереді. Жалғыз жанындағы студенттер ғана емес, осы өнердің жілігін шағып, майын ішкен мықтылармен тілдесудің сәті де түсіп тұрады.

Мамандығы кино бағытындағы білімін байыту курсы. Оператор шеберлігіне, сценарий жазуға, актерлік өнерді игеруге баулиды. Білімдегі басты арна режиссураға бағытталған. Кино өнерінің қаншалықты қиын екендігін, жанынды жеп барып қана жарыққа шығатынын осы жерде ұққан. Тау басынан құдық қазғанмен бірдей. Алдымен қысқаметражды кинолардың сценарийін жазса, енді бірде толықметражды фильмдермен айналысады. Содан соң сериалдар туралы сценарий... Әрқайсысының өз ерекшелігі бар. Оқытушылары да кино өнерін қалың-қалың кітаптардан оқып, танып білмеген. Өздері де соның ішінде жүр. Бір оқытушысы «Звездный путь» сериалын түсіру үшін 10 жыл жұмырын сарп еткен. Енді бірі «Пила» фильмін түсірген. Қысқасы, өз кәсібін түбегейлі,

ГОЛЛИВУД КӨРГЕН РЕЖИССЕР

айналысуына да кедергі болған жоқ.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне түсіп, бағдарламашы мамандығын игерді. Алғашында өз мамандығы бойынша отандық және шетелдердің ірі компанияларында жұмыс істеді. Балалық машық зая кеткен жоқ, арада жылдар өткен соң «Спустя с Небес» деп аталатын кітабы жарық көрді. Қиял әлемін жанындай жақсы көретін Айдиенің көркем шығармасы фантастикалық жанрда жазылды. Содан бастап жазған-сызғаны жерде қалмайтын болды. Республикалық «ЖасStar» ғылыми-әдістемелік журналы, өзге де басылымдарда сиясы кеппеген дүниелері басылып жатты.

Алғашқы оқырмандары шуақты шығармаларын төп-тәуір бағалады. Әйтсе де студентке кітап шығару оңай шаруа емес еді. Бұл орайда университет қол ұшын созды. Әдебиет әлемінен хабары бар азаматтар тырнақалды туындысын сценарийге көбірек ұқсайды екен деген пікір білдірді. Айдиенің бойында тамаша бір сценарий жазсам деген асқақ арман оты сол кезден бастап лаулады.

Ізденуге деген құштарлық әлемдік деңгейдегі продюсер Дәурен Төлеухановпен таныстырған. Бағдарламашы — техника ғылымының магистрі қиялымдағы биіктікке табан іліктіретіндігіне бек сенімді еді.



Бірде фейсбук желісін ақтарып отырып New York Film Academy-де тегін білім алуға мүмкіндік барын білді. «Әлдеқалай болар екен» деген болмашы үмітпен пост авторына хабарлама жазған болатын. Мына қызықты қараңыз, арада үш ай өткен соң академияға қабылданды. Кейін Президент стипендиясына ие болды. Атақ-даңқы айдай әлемге мәлім академияда оқу ақысы өте қымбат. Бір семестрінің өзі — 15 мың доллар. Әрине, ішінара грант та бар. Бірақ оның өзі шалғайдағы шағын ауылда өскен жусанды даланың баласы үшін жалынан ұстатпас деңгейде еді. Осы арада кейіпкеріміз «Болашақ» стипендиясына, түптеп келгенде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың

«Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан)

орналасқан. Кино өнерінің нағыз дүрсілдеп соғып тұрған жүрегі. Бұл жердегілердің бәрі ертегідей сұлу, аңыздай ғажап кино өрісімен тыныстайды. Ілкімді іс те кино, әңгіме-дүкен де кино жайында.

толық менгерген, шынайы шеберлер.

Америкада жұмыс табу соншалықты қиын емес. Айдие Айдарбеков мұнда студенттік виза арқылы жүрген болатын. Толық жұмыс істеуге құқығы жоқ. Бірде жергілікті кинокомпанияға тәжірибе қалыптастыру үшін өтініш берген. Олар бірден жұмысқа алғысы келді. Бірақ студент екенін білген соң ұсынысынан айнып қалыпты.

Бірнеше жобаларда жұмыс істеп үлгерді. Ол үшін ақша алған жоқ. Ең бастысы, кино өнерінің нас шеберлерінің жанында жүріп, бай тәжірибе жинақтады. Мәселен, Джеймс Франконның «Горе-творецінде», Джонни Депптің «Лабиринтінде» ойнады. Шаршады, шалдықты. Бірақ алған бетінен қайтпады. Түсірілім алаңындағы жұмыс уақыты негізінен он екі сағатқа созылады. Кейде тіпті одан да асып кетеді. Кейбір түсірілімдерді таңғы сағат төрттен түсіру керек. Осыншама қиындыққа төзгендігі әкесімен өнерді толайым менгерсем деген тілектен туындаған.

«Наркос» сериалын өмірге әкелген адамдармен танысты. «Телохранитель киллера» және «Невероятный Халк» фильмдерінің сценарийін жазды. Френсис Форд Coppola, Ридли Скотт және Стивен Спилберг тәрізді режиссерлерге көмекші болды. Көк теңіздің ар жағындағы кино өнерінің көкжалдарымен ғана емес, өзінің сүйікті Отаны — Қазақстанның майталмандарымен де жұмыс істеп үлгерді. Өз фильміне Санжар Маді мен Гауһар Нұртасты түсірсе, Айсұлтан Сейітов және Азамат Дулатовпен пікірлес. Нұрлан Сабуров таныстырған Кан Бейсекеевпен достасып кетті.

Айдие Айдарбеков «Қазақстан — ет жүрегім елжіреп сүйетін аяулы Отаным. Менің болашағым да, бар тіршілігім де осы жерде. Күндердің күнінде Голливудта жұмыс істей қалсам да бір бүйірімде туған елім жүретіндігін түйсінемін», — дейді. Оған ары сөзін жалғаған ол «Кино өнеріне ғашықпын. Өз өмірім осы бір әксіуек өнерге мықтап байланған. Ойға алған жоба ұшан-теңіз. Ендігісі білім мен тәжірибені сарқа жұмсап, әлемдік кино индустриясында Қазақстанды қапысыз таныстыратын туынды түсіру», — деді.

Туған елімнің талассыз ғажайып бейнесін әлемге танытсам деген асыл арман жан жүрегін бебеулетіп келе жатқан жусанды даланың жасампаз ұлының мақсат-мұраты күндердің бір күнінде орындаларына ел сенеді. Қазақстанның 100 жана есіміне енген Айдие Айдарбековтың болашағы өзі жолына түскен кинодағыдай болатынына біз де сенеміз!

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

100 ESIM



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Алматы облысының Талдықорған қаласында тұратын 27 жастағы Елдос Баялышбаев шаһарда оңалту орталығын құрып, мүгедектерге арналған тұңғыш автоволонтер қызметінің негізін қалады. Оның бірегей тағдыры, қиын да қызықты өмір жолы мен шынайы істері ерекше құрмет пен таңданыс тудырады. Қазір Елдосты Жетісу жұрты ғана емес, бүкіл еліміз біледі. Ол «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына кірген таланттардың бірі. Өткен жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында бөлсенді және қайырымдылық қызметі үшін «Шапағат» медалін иеленді.

оналып, ел қатарына қосылып кеткен. Алпыстан астам мүгедек арбамен жүре алатын жағдайға жетті. Жүз шақтысы өзі тұрып, өзі отыра алатын болды. Елдостың бастамасымен құрылған мүмкіндігі шектеулі өнерпаздар бүгінде жұлделі орындарға ілігіп, ТМД бойынша алдыңғы қатарға шыққан. Елдос қайырымдылық шараларынан шет қалып көрген емес. Үнемі бел ортасында жүреді. 145 мемлекет



ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ШЫҚҚАН

Елдос осыдан сегіз жыл бұрын жол-көлік апатына түсіп, мойын омыртқасынан жарақат алды. Жарты жыл бойы төсекке танылып жатты. Бірақ ағайын-туыстардың қолдауының арқасында жарты жылдан кейін отыратын күйге жетті. Бір жылдан соң еңбектеулі үйренді. Келер жылы ғана қозғала бастады. Алғашқы нәтиже оны жана жетістікке шабыттандырды. Сол кезде оның санасында «мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін оңалту орталығын құрсам және оларға аяққа тұруға көмектессем» деген идея пайда болды.

Жігерлі жігіт «Жол апатынан кейін бәрі өзгерді менде. Мақсатым да, арманым да түгел басқа арнаға бұрылды. Әкем ағам Саят екеуімізге қатал қарайтын. Өзінің бойындағы төзімділігі, қаталдығы, жауапкершілігімен бізге үлгі көрсетті. Аяқ-қолым жансыз, тікемнен тік отыру мұңға айналған сындарлы шақта «қыңк» деп дыбыс шығарған емеспін. Бұл — әкеден алған өнеге. Кез келген қиындыққа шыдауды үйреткен», — дейді.

Елдос өзі секілділерге көмектескісі келіп, әкесіне жаттықтыру және сауықтыру орталығын ашқысы келетіндігін жеткізді бір күні. Әрі өзі де солармен бірге дайындалғысы келді. Талдықорған қаласының



әкіміне әкесі барып осы ойды жеткізеді. Ол кісі жақсы ниетін қолдап, Қаратал шағын ауданынан 340 шаршы метр нысан береді. Роза Ақжаркенованың нұсқауымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан білім жинақтайды. Бизнес жоспарымен додаға түсіп, 3 млн теңге грант ұтып алды. Арманы әп-сәтте орындалып, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Асар» фитнес-орталығын ашады. «Даму» қоры мен «Болашақ» қауымдастығының республикалық Startup Bolashak байқауына қатысқан 2000 жобаның ішінен 2-орын қанжығалады. Алақөл пансионатында мүмкіндігі шектеулі жандардың демалуына жағдай жасап берді. Сол жерде инватакси қызметі де қосылды. Уақыт өте келе Алматы қаласынан хат пен қонырау көп түсті. Алматы қалалық әкімдігіне хат жазып еді, қала әкімінің орынбасары қабылдауына шақырып, ойы ұнап, 250 шаршы метрлік нысан тауып берді.

Елдос жол апатына түскен жылы оңалту орталығы саусақпен санарлық еді. Талдықорғанда жоқ болатын. Әкесі Қайыркен ауыл шаруашылығы техникалары саласында жұмыс істегендіктен жаттығу жасайтын құрал-жабдықтарды өзі темірлі иіп, жасап берген. Елдос алдымен АҚШ-тың, Жапонияның ең озық орталықтарын ғаламтор арқылы көреді. Сосын сызба нұсқасын әкесіне көрсетеді. Сөйтіп, жап-жана құрал пайда болады. Әрине, басында қатты қиналды. Жаттығу жасау ауырлық тудырды. Бір айайлап алып, қайта кірісетін. Нәтижесінде, тамақ ішуге икемі келе бастады. Жарты жылдан кейін еңбектеуге көшті. Өздігімен жүретін арбаға отырды. Екі жылдан кейін осынау игі жұмысына кірісіп кетті. Елдос өзі көптен бері армандаған «Асар» орталығы ашылғанда ерекше қуанды. Оңалту орталығына төрт жылдан асты. Осы уақыт ішінде бұл жерге келіп жүрген 300 шақты адам

Келесі бір жарқын жобасы — «Мейірімді такси» автоеріктілер клубы. Бұл жоба бойынша, астында жеке көлігі бар кез келген қала тұрғыны қолы бос кезінде мүгедектерді тегін тасымалдай алады. Тапсырысты арнайы диспетчер реттеп отырады.

Елдос жігерлі жандарды жақсы көреді. Алар асуын тек адал еңбекпен бағындырғысы келеді. Жетісулықтар «Қазақстанның 100 жана есімі» жобасына бірден Елдос лайықты деп тапты. Ел тілегі орындалды, жұрт ниеті жүзеге асты. Жетісулық Елдостай азаматтың есімі «Қазақстанның 100 жана есімінің» қатарынан көрінді. Өткенде «Астана» EXPO аймағындағы Astana Hub ғимаратында «Жылдың үздік жас кәсіпкері» байқауы мен жастар жобалары көрмесінің қорытындысы бойынша жеңімпазды марапаттау салтанаты өтті. «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасын іске асыру аясында кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүрген 16-29 жас аралығындағы талантты жас буынды қолдау мақсатында тұңғыш рет ұйымдастырылған байқауға еліміздің барлық өңірлерінен 50-ден астам қатысушыдан өтініш түсіп, қызмет көрсету, өнім өндіру, оқыту, IT-технологиялар саласындағы жобалар ұсынылды. Осы байқауда Елдостың жобасы 3-орынды жеңіп алды.

Жігерін осындай ізгілікпен жаныған азамат кеше ғана дүркіреп той жасап, Айғаным есімді қазқтың ару қызымен отау құрды. Әрине, «Айғаным» қазқтың ұлы ғалымы Шокан Уәлихановтың әжесінің есімі екенін күллі қазақ біледі. Ендеше, Елдостай азаматқа жар болған Айғанымның да сол апасының жолын жалғайтыны белгілі. Арманың асқақ, шаңырағың биік болсын деп тілейміз!

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

6 Dенсаулық

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мен елді мекен тұрғындарының қажеттіліктерін қамтамасыз етуде мүмкіндігі мол мамандық – мейіргер ісі мамандары. Бүгінде білікті мейіргер ісі маманын дайындау – денсаулық сақтау саласының өзекті де маңызды мәселесі. Бұл түйінді тиімді шешудің жолы – медициналық білім берудің ең үздік тәжірибесін пайдалану. Алайда мейіргер ісі мамандарын даярлайтын оқу орындары уақыт талабына сай ма? Болашақ мейіргер ісі мамандарының білім алуы мен біліктілігін арттыру қалай жүзеге асырылып жатыр? Осы орайда Республикалық жоғары медициналық колледжінің Бас директоры Найля Бексауытқызы тілшіміздің сауалдарына жауап берді.



Jas qazaq: Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында медицина мамандарын (*мамандығын*) даярлау мен біліктілігін арттыруға баса назар аударылған. Өзіңіз басқарып отырған медициналық оқу орнында сапалы маман дайындау мәселесі қаншалықты жолға қойылған?

Найля Бексауытқызы: Мейіргер — білімді әрі білікті, жоғары парасатты, адамгершілік пен жауапкершілікті қажет ететін ерекше мамандық. Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес денсаулық сақтау министрлігінің нұсқауымен медицина саласының мамандарын даярлауға реформа жасалғанын атап өткім келеді.

Ғасырға жуық тарихы бар медицина колледжі 1937 жылы акушерлік мектеп ретінде құрылып, жұмысын бастаған. Бүгінде еліміздегі маңдайалды білім ордасы. Мұнда жоғары білікті оқытушылар жұмыс істейді, олардың арасында тәжірибелі ғылым докторлары, ғылым кандидаттары мен магистрлар бар.

Қазір жаңа ақпараттар ауқымы кеңейді, кәсіби шеберлікке қойылатын талаптар мен наукастың құқығын сақтау мәселесіне қатысты талап күшейді. Осыған орай, мейіргер ісі мамандығын даярлауда жүйелі жұмыс жоспары құрылған. Медициналық білім беруді модернизациялаудың

енгізді. Бұл да заманауи мамандар даярлауда іргелі бастама.

Jas qazaq: Өзіңіз атап өткен қолданбалы бакалавр мамандарын дайындау жобасының ерекшелігіне тоқталсаңыз?

Найля Бексауытқызы: Қолданбалы бакалавр мамандарын даярлау жобасы біздің тараптан жан-жақты зерттелді. Колледж басшылығы мен білікті оқытушылардан құралған делегация Финляндияға бірнеше рет іссапармен барып, сол елдің медициналық білім жүйесімен танысты. Нәтижесінде колледжіміз бен Финляндияның оқу орны арасында серіктестік жөніндегі меморандумға қол қойылды. Тәжірибелік базасы мықты, жоғары білікті мейіргерлерді дайындау басталып кетті деп толыққанды айта аламыз.

Мейірбикелерді даярлау жүйесі халықаралық тәжірибеге жүгіне отырып, еуропалық стандартпен сәйкестендірілді.

2014 жылдан бастап медициналық білімді жетілдіруге арналған финдік жүйе колледжімізде енгізіліп, студенттер жаңа оқу

ЖАҢА ЖҮЙЕ – КЕЛЕЛІ МІНДЕТ

жүйесінің негізінде білім алуын бастады. Бұған дейін студенттер техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылған. Әлеуметтік, экономикалық, гуманитарлық бағыттарға басымдық берілетін. Ал студенттердің тәжірибелік бағыты оқу



«Білім мен дағдыларды айқын және тиімді бақылау, оқу және ғылыми ақпараттық базаны шектеусіз кеңейту мүмкіндігімен онлайн сервистер, кітапханалар, дәрісханалар, студенттер мен оқытушылар құрамының жеке электрондық аккаунттарын құра отырып, оны толық ақпараттандыру медициналық білім беруді одан әрі дамытудың міндетті шарты болады. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру үшін ЖОО орналасқан жерлерде ұзақ уақыт болу мүмкіндігі жоқ мамандар үшін өңірлерде білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту технологиялары енгізіледі. Медициналық білім беру бағдарламаларын жетілдіру шеңберінде студенттердің заманауи әдептілік стандарттарын, коммуникациялық дағдыларды, білім алу және оны сақтап қалу үшін жеткілікті деңгейде ағылшын тілін міндетті түрде меңгеруін кезең-кезеңімен енгізу қамтамасыз етіледі»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)



орта буын медициналық қызметтің рөліне жаңа талаптар қойылды. Осының барлығы медициналық білім беруді жаңа белеске көтеруге бағытталған. Ең бастысы — медицина мамандарын халықаралық стандарттарға сай даярлау. Еліміздің денсаулық сақтау министрлігінің талабы бойынша Дүниежүзілік банктің қолдауымен халықаралық стандарттарға сәйкес мейіргер ісінің қолданбалы бакалавр мамандарын даярлау мақсатында 2014 жылы пилоттық жобада еліміздің 6 медициналық колледжі жоғары медициналық колледжі статусын алып, осы жобаны бастады. Білікті маман даярлау саясатын жүзеге асыру мақсатында 2014 жылы колледж ұжымы Финляндияның тәжірибесін алып, қолданбалы бакалавр дәрежесінде мамандар даярлау жүйесін пилотты режимде

уақытының 40 пайызын ғана құрайтын. Қолданбалы бакалавр жүйесінің негізгі мақсаты — тәжірибелік жағына баса назар аударылып, оқу уақытының 50 процентін құрады. Мейіргерлер тәжірибелік сабақтары Алматыдағы қалалық ірі емдеу-сауықтыру мекемелерінде өткізеді. Онда студенттерге нұсқау көрсететін модераторлар тағайындалады. Қолданбалы бакалавр дайындау мерзімі - 3,5 жыл. Сондай-ақ орта арнайы медициналық білімі бар мамандарды 1,5 жылдық жеделдетілген мерзіммен оқыту да қолға алынған. 2014 жылы пилоттық режимде енгізілген қолданбалы бакалавр жобасының алғашқы түлектері үстіміздегі жылы алғаш рет білім ордасынан мейіргер ісінің бакалавры мамандығын алып шықты. Бүгінде тұнғыш 49 түлектің барлығы медицина саласында жұмысын жалғастыруда.

Jas qazaq: Қазіргі таңда медицина саласын цифрландыруға баса назар аударылған. Осы бағытта колледжде цифрландыру мәселесі толыққанды шешімін тапты ма, болашақ мамандар бұл төңіректе қалай әзірленуде?

Найля Бексауытқызы: Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында



медицинаны цифрландыру мәселесіне кеңінен тоқталған болатын. Соңғы жылдары медицина саласын цифрландыруға денсаулық сақтау министрлігі тарапынан елеулі істер атқарылып жатқанына куә болып отырмыз. Осы орайда

қатар жұмыс беруші де қызметкерлерінің денсаулығына алаңдайды. Медициналық сапалы қызмет алу үшін ең бастысы осы саланың дамуына қаржы тиімді жұмсалу керек. Еліміз міндетті сақтандыру жүйесін енгізу арқылы ең алдымен медицина саласына бөлінетін қаржыны көбейтуді көздеп отыр. Қаржы көбейсе, денсаулық саласындағы бірталай мәселе

шешіліп, қызмет көрсетудің сапасы артады. Медициналық сақтандыру жүйесі осы секілді түйткілді мәселелерді шешуге бағытталған жол.

Jas qazaq: Әрине, жақсы білім жастардың тұрмысымен де тікелей байланысты. Колледж тәлімгерлерінің жатақханамен қамтылуы қандай деңгейде?

Найля Бексауытқызы: Елбасы еліміздегі студенттердің жатақханамен қамтылу мәселесін Жолдауында арқау еткен болатын. Колледжде тәлімгерлерді жатақханамен қамтамасыз етуге баса назар аударылған. Қазіргі таңда біршама тәлімгер жатақханамен қамтылған. Алдағы



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Рысты БЕРЕКЕЛҚЫЗЫ,
Республикалық жоғары медициналық колледжі Бас директорының кеңесшісі:

«Жоғары медициналық

колледжі – 80 жылдық тарихы

бар республикалық деңгейдегі оқу орындарының бірі. Қазіргі таңда білім беру жүйесіне жыл сайын инновациялық технологиялар енгізіліп, оқу жүйесіне ғылыми-әдістемелік тәжірибелер енгізілуде. Колледж басшылығы студенттердің сапалы білім алуына баса назар аударады. Ал сапалы мамандарды даярлау мақсатында колледж тарапынан инновациялық манекендер мен роботтар алынып, колледж ішінде стимуляциялық орталық ашылды. Орталық студенттердің тәжірибе жасауы үшін қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Мұнда тәлімгерлер медициналық алғашқы көмек көрсету мен науқастарға медбикелік көмек көрсетудің әдістерін игері алады. Колледж ұстаздарының барлығы коммуникативті білім беру жүйесінің талапқа сай сертификаты бойынша қызмет атқарады.

Сонымен қатар студенттерге паллиативті, қайта оңалту, көмек көрсету шеберлік сабақтары жүргізіледі. Оқу-әдістемелік жүйесін жетілдіру мақсатында ашық сабақтар, вебинарлар, пікірсайыс пен кәсіби конкурстар және білім және ғылым министрлігі тарапынан жүргізілетін ғылыми-әдістемелік кеңестер жиі ұйымдастырылады.

Мен техникалық кәсіптік білім беру саласында 49 жыл қызмет етіп келемін. Сондықтан бұл саланың тыныс-тіршілігі маған таныс, ал мәселелері мені алаңдатады. Сапалы маман дайындаудың ең басты құралы – оқулық мәселесі. Әсіресе мемлекеттік тілде шығарылатын арнайы пәндер бойынша оқулықтар өте аз. Дегенмен де бұл сұрақ қазіргі таңда мемлекеттік деңгейде қаралып отыр. Әрине, колледж оқытушылары қазіргі клиникалық протоколдарға және операциялық процедура стандарттарына сәйкес оқу әдістемелерін жасауда үздіксіз еңбек етуде, электронды оқулық жасауға мен берудеміз. Қазіргі кезде елімізде халықаралық стандарттарға сәйкес барлық мамандықтар бойынша жаңа жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жасау жүзеге асуда. Осы орайда колледждің білікті мамандары осы жобаға белсенді атсалысуда. Колледжде жүзеге асырылған Финляндияның оқыту жобасы қазіргі таңда мейіргер ісі мамандығын дайындауда өзінің тиімділігін көрсетуде. Алдағы уақытта бұл жүйенің нәтижесі жоғары болмақ. Ең бастысы, сапалы маман – болашақтың көпірі. Ал білімді де білікті маман дайындау – колледж ұжымының басты ұстанымы.



уақытта қосымша жатақхана салу колледждің жоспарында бар.

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Осы мақаладағы ұсыныстарды басшылыққа алған құзырлы орындар мен жаппы халық латын әліпбиі төңірегінде қызу талқылау ұйымдастырды. Әсіресе тіл білімінің тәжірибелі мамандары жаңа әліпбидің қаншалықты қажеттігін терең талдап көрсетті.

Қазір латын әліпбиін күнделікті тіршілікте қолданысқа енгізудің алғашқы қадамдары басталып та кетті. Ал келешегі кемел саналатын тілдің болашағы төңірегінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты терминология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты Бауыржан Жонкешов бізге жан-жақты әңгімелеп берді.

– Бауыржан Сейсенбекұлы, тәжірибелі маман ретінде латын әліпбиіне көшудің ең басты қажеттілігі туралы не айтар едіңіз?
– Латын әліпбиі – әлемде өте кең таралған әліпби. Ғаламтор дереккөзіне сүйенсек, әлем

енген терминдер тобы бар. Ол терминдер тобын кеңес одағы құрылған жылдары «интернационал терминдер» деп атап, осы сипаттағы терминдерге есігімізді айқара ашқан едік. Ол да тілден тыс факторлар, салқын саясаттың әсерінен мәжбүрлі түрде болған еді. Бүгіндері бұл терминдер тілімізден «халықаралық терминдер» деген мәртебе алып, «төр менікі» деп алшаң басып төл терминдерімізді босағаға қарай ысырып келеді. Әрине, қонақжай халықпыз. Сонау Батыс Еуропадан шығып, орыс шекпенін жамылып келген қонақтан төрімізді қызғанбайтынмыз анық. Мәселе, төрде емес, шекпенде болып тұр. Өзге тілдің заңдылығын бойына сіңіріп, тіл тазалығына нұқсан келтіретін, қазақ тілінің заңдылығына қайшы мұндай терминдердің саны тілімізде жетерлік.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімі қазақ терминқорына мониторинг жүргізген еді. Қазақ терминологиялық қорында 333 000-ға жуық термин бар екен. Оның 33 479-ы орыс тілі арқылы енген шет тілі терминдерінің санын



ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

халықтарының 40 пайызы латын әліпбиін пайдаланады. Атап айтсақ, Америка, Аустралия, Африка, Батыс Еуропа, сондай-ақ Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан, Индонезия, Малайзия, Филиппин және Вьетнам сияқты елдер осы жазу түрін қолданады.

Ағылшын, испан, индонезия, португал, неміс, француз, италия және кейбір түркі тілдері өз жазуын осы латын қарпіінде тапбалайтындығы белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ жазуын латын графикасына негізделген әліпбиге көшіруіміздің ең басты қажеттілігі уақыт талабы екендігін баса айтпақпыз. Латын графикасына негізделген әліпби арқылы қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке тиімді түрде енуіне жол ашылмақ. Екіншіден, қазақ тілінің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтауға, тілдің иммундық тетіктерін жаңғыртуға, қайта іске қосуға, бір сөзбен айтқанда, ұлттың рухани жаңғыруына жағдай жасайды. Үшіншіден, Қазақстанда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралуына мүмкіндік береді. Мамандар бұдан өзге де экономикалық, IT технология жағынан тиімділігін де санамалап көрсетіп жүр.

– Қазіргі таңда латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің нұсқасы бекітілді. Ал осы жаңа әліпбиді жасауда терминология мәселесі қаншалықты шешімін тапты?

– Өздеріңізге белгілі «Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі» 2017 жылы 27 қазан күні бекітілген еді. Биылғы 19 ақпанда бекітілген әліпбиге бірқатар өзгеріс енгізілді. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанынан орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық, техникалық және ақпараттық сүйемелдеу жұмыс тобы құрылғандығы да белгілі. Жұмыс топтарының алдына қойған өзіндік мақсаттары да бар. Мысалы, орфографиялық жұмыс тобы қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі орфография және орфоэпия ережелерін дайындайды; Әдістемелік жұмыс тобы оқыту, зерттеу және оны кезең-кезеңімен білім беру жүйесіне енгізумен айналысады; техникалық және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс тобы IT технология және ақпараттық кеңістікке бейімдеумен шұғылданады; терминологиялық жұмыс тобы терминологиялық қорды жүйелеумен айналысады.

Бүгінгі таңда орфографиялық жұмыс тобы «Қазақ емлесінің негізгі ережелерін» дайындап, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның мақұлдауына ұсынды. Бұдан әрі тиісті орындардан апробациядан өтіп, 2019 жылдың наурыз айында бекіту жоспарланған. Содан кейін ғана қалған жұмыс топтарының қызметі қарқын алмақ.

Дегенмен емле-ережені сөз еткенде, бүгіндері арнаулы сала тілі ретінде танылып жүрген терминдер мәселесін айналып өту мүмкін емес. Бұл жағында әңгімені әріден бастаған жөн.

Осы күнгі терминологиялық қорымызда ежелгі латын, грек, француз, неміс және т.б. тілдерде пайда болып, тілімізге орыс тілі арқылы, орыс тілі заңдылықтарына сәйкес икемделіп

құрайды. Бұлар орыс тілінде қалай жазылып, айтылса, қазақ тілінде де дәл солай таңбаланып, дыбысталады. Олардың қазақ тілінде баламалары табылып, қолданысқа енгендерінің саны – 6317 бірлік. Ал енді осы жерден ойланайық, қазір жиі айтылып жүрген, «шеттен енген терминдерді жаппай, жөңсіз аударып жүр» деген қағида қаншалықты шындыққа жанасады?! Шеттен енген (орыс тілінен) 33 479 терминнің 2 пайызын ғана игердік емес пе? Бұл көрсеткіш өз заңдылығы, өз тарихы, өз тұтынушысы бар тәуелсіз тілге көптік ете ме?! Жауабын халықтың өзі береді.

Жаңа сөзіміздің басында «интернационал терминдер», «халықаралық терминдер» деген атау жайында айтып кеттік. Бұрынғы кеңес одағы құрамындағы тілдерде болмаса мұндай атау басқа тілде жоқ. Оның өзінде «халықаралық терминдер» деген атау бар да, нақты ұғымы жоқ. «Халықаралық терминдер» деп қандай терминдерді атаймыз, бұл топқа жататын терминдердің өзіндік ерекшелігі қандай?» деген сауалға ешбір маман жауап бере алмайды. Керісінше, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Айдарбек сынды еліміздің жетекші терминолог-ғалымдары терминологияда аталған ұғым туралы түсінік жоқ екендігін баса айтып жүр. Мұндай терминдерді өткен ғасырдың басында, «еуропа сөздері», «жат сөздер», «көтыр сөздер», «бөгде сөздер» деп тілімізден ерекшелеп атаған еді. Орыс ғалымдары осындай бірліктерді «халықаралық терминдер» деп емес, «баламасы жоқ терминдер» деп танып, өз тілінің фономорфологиялық заңдылықтарына сай игеріп алғандығы белгілі. Қазақ тілінде де осы сияқты терминологиялық бірліктерді тілімізде баламасы жоқ терминдер деп танудың уақыты жетті.

Осыған орай бүгінде қазақ терминтанымдында «халықаралық» деп танып жүрген терминдерді «бейбалама терминдер» деп тану қажет. Осы жерде «Онымен не ұтамыз?» деген заңды сауал туындайды. Біріншіден, шеттен енген терминдердің «халықаралық» деген мәртебесі жоғалады. Екіншіден, лингвистикада баламасы жоқ терминдерді тілде игерудің өзіндік 4 түрлі әдісі, атап айтқанда, транслитерация және транскрипция, калька, сипаттама аудару, түрлендіріп (трансформация) аудару әдістері бар.

Айтып отырғанымыз жаңалық емес. Сонау Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алатын терминжасам қағидаттарында біз айтып отырған әдістер түгел қамтылған.

1. Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану;

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған терминдерді басқа түркі халықтарынан іздеу;

3. Еуропа халықтарының бәрине де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ терминдерді қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;

4. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

Міне, осы жерден «жаңа әліпбиді жасауда терминология мәселесі қаншалықты шешімін тапты?» деген сауалыңызға қайтып ораламыз. Дұрысы «шешімін тапты» емес «шешімін таппақ» болуы керек. Себебі, жаңа әліпби бойынша қазақ емлесінің негізгі ережесі әлі бекітілмеді. Қолымызда тек жобасы ғана бар. Бекітілген жаңа әліпбиімізде бірқатар әріптер мен таңбалар (ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ) алынып тасталған. Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздерді жазуда қазақ тіліне жат, басы артық әріптер мен таңбалардан құтылғанымыз ұтқандығымыздың бір көрінісі. Сондай-ақ емле жобасындағы мына сияқты ережелер күшіне енсе, бейбалама терминдерді қазақ тіліне игеру тұрғысынан біраз мәселе оң шешімін таппақ:

§106. Дж әріп тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: *менеjer* (-дің, -і, -ге, -лер), *jinсу* (-ның, -sy, -ga, -lar), *jentilmen* (-нің, -і, -ге, -der).

Е с к е р т у. Мағынасы өзгертін жағдайда дж сақталып жазылады: *bydjet, lodjy*.

§107. Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі түсіріледі: *klas* (-тың, -y, -qa, -tar), *hol* (-дың, -y, -ga, -dar).

§108. Сөз ортасындағы қайталама сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу дыбыстарды білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады: *patison, komisar, aksesyar, rejisor, resor, profesor, prosesor, klasifikator, asonans, disonans, renesans, pasat, disident; gramatika, komyna, komentari,*

komynizm, imynogen, imigrant, programis, mamologia, simetria, amiak, anagram, telegram, kardiogram; metalyrgia, elips, kolej, silabyis, ilokytiv, paralel, koloid, bilhard, brýselez, paladi, tali, kolokovym, intelegt, triler, alofon, troleibys, alýzia; kotej, atraksion, atestat; syfiks, syfozia, efekt, efýzia, afekt, afnkat, koefisent; týnel, anekstia, anotasia, baner, tenis, movassa, kolnotat; abbreviatýra, gibbon, korespondent, popyri, spariñ, korektor, korozia, presýpozisia, aparatyra, aplkasia, ipodrom, opozistia, oponent; aghytimativ, sygestia; pydññ; akaýnt, akort, akreditasia, hokei, individyñ.

Е с к е р т у. Сөз мағынасы өзгертін жағдайда сс, мм, лл, тт, нн, бб, рр, пп, дд, кк әріптері



«2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан)

экономикалық шығынын миллиардтаған сомаға үнемдеуді көздейтін топтар, үшінші, тіл экологиясын сақтауға жан ауыртатындар. Әрине, бұл үш көзқарастың да ұстаным отырған тұжырымдары орынды. Дегенмен де, біздің ойымызша, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасауда ең алдымен тіл тазалығына көңіл бөлуіміз қажет. Қазақ тілінің мүддесі өзге елдерде емес, тек қазақ жерінде ғана қорғалады. Қазақтан басқа ешқандай ұлт қазақ тілін дамытып бермейтіндігі де белгілі. Латын

графикасына негізделген қазақ әліпбиіне көшуде осыны басты ұстаным етіп алған дұрыс.

Жаңа әліпбиде қазақ тіліне жат біршама әріптер мен таңбалардың (ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ) алынып тасталғанын жоғарыда айтып кеткен едік. Бұл қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтаудың бірден-бір жолы.

«Қазақ тілі қандай тіл?» дегенде ойымызға ең алдымен «жалғамалы тіл» деген жауап оралары сөзсіз. Бірақ, осы күндері біріктіріп сөз жасау әдісі кеңінен өріс алып бара жатыр. Әрине, қазақ тілінде біріктіріп сөз жасау әдісі – бұрыннан бар әдіс. Дегенмен де ақикеш, ақжиде, біртұтас, біртүсті, етінжай, жатағангүл және т.б. қатарлы біріккен сөздерді қайта қарастыру керек сияқты. Себебі, қазақ тілі буын үндестігіне негізделген тіл екендігі белгілі. Келтірілген мысалдарда буын үндестігі бұзылып тұр. Осымен байланысты қазақ тілінде қатан ұстанған заң буын үндестігі болғандығын өткен ғасырдағы қазақ оқығандарының еңбектерінен байқауға болады. Біздіңше меілі, ол төл сөзіміз болсын, меілі, шеттен енген сөз болсын буын үндестігіне бағындыру қажет.

Жаңа әліпби қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтайтынына, ең бастысы, дамуына негіз болады. Оған еш күмәніміз жоқ.



Қазақстанның қасиеті, киелі жерлерінің географиясы Елбасы ұсынған Рухани жаңғыру бағдарламасына енді. Аталмыш бағдарламасында «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі» – деп көрсетілген. Қазақ топырағы киелі, қасиетті жерге бай, тарихи тамыры терең өлке. Алтай мен Атырау, Алатау мен Арқаның арасында мыңжылдық қоныстар мен ежелгі ескерткіштер, тарихи құрылыстар жетерлік. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына өлімізден 100 нысан енген. Оның ішінде 10 нысан Ақмола облысына тән. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жай ғана тарихи орындардың картасы емес, бұл ұлт пен ұрпақтың тарихи санасын, ұлттық кодын қалыптастыратын, Отанға деген ұлы сезімін оятатын ерекше орындар. Біз осы орайда кербез Көкше өңірінің тарихи мәні терең, көркем жерлерін жұрт назарына ұсынғанды жөн көрдік.

ҚҰМАЙ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

(Ерейментау ауданы)

«Түркі қағандар ордасы». Құрамында бірнеше мыңжылдықтардың мәдени құндылығы тоғысқан, еліміздің Астана қаласына жақын жердегі Құмай мәдени кешеніндегі ескерткіштер Ақмола облысының Ерейментау ауданына қарасты Бүйратау тауының

етегіндегі «Бүйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ауданында тығыз шоғырланған. Құмай кешеніндегі бірегей ескерткіштер қатарына жататыны мен жарқын әрі есте қаларлық шығыс қабырғасына орнатылған мүсіндер бар түріктің ғұрыптық қоршаулар болып табылады. Ежелден байырғы түріктер дүниеден өткен ұлы ата-бабаларының құрметіне (аруағына) тағзым етіп, ғұрыптық қоршау орнатты. Үйдің нышаны – қоршаулардың шығыс қабырғасына тұрғызылған батыр жауынгерлердің портреттік бейнелері Құмай өзені аңғарындағы далада асқан әдемілікпен орындалған. «Қос батыр» діни ескерткіштерімен қатар, Қазақстанның ежелгі дәуіріне жататын нысандар кешені орналасқан. Мүсіндерде бедерленген атрибуттар: ыдыс, өшекейлік заттар мен қару жиынтықтары үлкен ғылыми қызығушылықты тудырады. Аталған атрибуттар өздерінің қолданыс аясында болу кезеңінен бастап, ескерткіштер хронологиялық уақытына, түрік қоғамындағы әлеуметтік жағдайдың қалыптасуы мен дүниетанымына қатысты қағидаларға, әртүрлі археологиялық және этнографиялық зерттеулерге байланысты негізгі дерек көздер қызметін атқарады. Облыс аумағында ежелгі және ортағасырлық даланың жалғыз аймағы. Қола дәуірі, ерте темір дәуірі және түркі дәуірінің ескерткіштері болып табылатын аймақтың аумағында жалғыз көп компонентті мәдени кешені. Құмай мәдени кешеніндегі мұралардың тарихи маныздылығы ескерткіштердің барлық типтері мен түрлерінің потенциалды ақпараттылығында жатыр. Кешен Ақшоқы, Ершоқы және Жыланды

тауларының шығыс, оңтүстік-шығыс етегінде жинақы орналасқан, түрлі дәуірлерге тән ескерткіштерді қамтитын бірнеше топтан тұрады. Қос батыр ғұрыптық ескерткіші ежелгі түркі заманында өз жерінде ерлік жасап аты аңызға айналған қос батырдың құрметіне жасалғанын және жергілікті халық та осы аймақты Қос батыр атап кеткендігі жөніндегі мәліметті қазақтың белгілі археологы Әлкей Марғұлан өз еңбектерінде жазып қалдырған.

Құмай археологиялық және этнографиялық кешені түркі ескерткіштерін ашу және зерттеудің негізі көлденең орнатылған және тасқа салынған тас такталардан тұратын тік төртбұрышты құрылым болып табылатын бірдей типтік рәсімдік құрылымдардан тұрады. Барлық қоршаудың ішкі аланы қиыршық тасқа толы. Барлық ескерткіштер Құмай өзенінің сол жағалауында террассаларында, 5–7 шақырым радиусты қамтитын ауданда шоғырланған. Құмай археологиялық-этнографиялық кешені-мемориалдың хронологиялық тұрақтылығы, діни ескерткіштер мен қоныстардан тұратын



географиялық, табиғи, ландшафт бірегейлігін, тұрғылықты топонимикалық номенклатурасы, ескерткіштер әртүрлі құрылым бөліктерінде көрсетілген. Қазақстанның мәдени мұрасы мен табиғи ортасының ажырамас бірлігінің осындай аналогтары Қазақстанда табылмады (Деректеме: тарих ғылымдарының докторы, түріктанушы А.Досымбаева).

АБЫЛАЙ ХАН АЛАҢЫ

(Бұрабай ауданы)

Хан билігінің жарты ғасырлық кезеңі, тек тарихнамала және мұрағаттық көздерде ғана емес, халыққа «Абылайдың алтын ғасыры» ретінде белгілі болды. Өткен ғасырдағы Кантарбасевтың картасы бойынша жергілікті өлкетанушылардың айтуынша, Көкше-Бұрабай манында Абылайдың атымен байланысты екі алаң болды – Үлкен және Кіші алаң. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, үш жүздің басын біріктірген алаңда Абылай ханның орны болған. Абылай хан стеласынан жоғары қарай, 120 метр жерде Көкше тауының бөктерінде қазақтарға киелі жер бар, бұл Абылай ханның жалғыз гранит тастан жасалған тағы орналасқан. Қазірдің өзінде Хан тағы деп аталатын орын, тарихи оқиғаның куәгері болып келеді. Хан тағынан алаң толықтай көрініп, барлық дауыс анық естіледі. Тарихи шешімдерді қабылдау үшін, неліктен Ұлы ханның осы жерді тандағаны барлығымызға мәлім бола бастады. Солардың бірі – Көкшетау тауы манындағы Абылай ханның алаңы аталатын тарихи жер. Осы жерде, жүз жыл бұрын таудың етегіне киіз үйін орнатып, табиғатына тамсана отыра Сәкен Сейфуллин

өзінің поэмасында Абылай хан басты кейіпкері болған тарихи поэмасын жазды.

XVIII ғасырдағы қазақ тарихындағы ұлы тұлғаға арналған «Абылай хан Ордасы» сәулет-тарихи кешені экспозициялық залымен – мыңдаған адамдар үшін, соның ішінде алыс және жақын шетел туристерінің қажылық орны болып саналады (өлкетанушы М. Жақыпов).

ОҚЖЕТПЕС ЖАРТАСЫ

(Бұрабай ауданы)

Алаңнан терістік шығысқа таман үш жүз метрден сәл астам қашықтықта көз қызықтырып, аспанның көк шымылдығына сүнгіп бара жатқан тіп-тік сұңғыла таудан көз айыра алмайсыз. Бұл – Сәкен Сейфуллин сырлы сезіммен суреттеген «Оқжетпес» шыны. Оқжетпес шыны жайлы ағартушы ғалым Шоқан Уәлиханов талай аңыз-



әңгіме жинаған. Халық арасында Оқжетпестің ұшар басына ұя салған қырағы қыран жайлы аңыз да кең тараған. Жерден қарағанда Оқжетпестің басында тізе бүгіп жатқан пілді Теміртау қиясынан қарап таба алмайсың. Ал

«Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді көз келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)



Оқжетпестің түбінен Бұрабай көлінің Жұмбақтас жағынан жүргенінде шың үстінде мүлгіп жатқан піл айқын көрінеді. Ал оң құлағына жабысып тарбиып «Тасбақа» шығып бара жатқандай. Енді бірде биіктен қарап тұрсаңыз, әлгі тасбақа көзге түскісі келмегендей тығылып қалады. Таза гранит текшелерінен қаланған. Бір қарағанда «Оқжетпес» әлдебір алып батыр ойпанда тұрып-ап түбі жуантық,

сүп-сүйір көк сүңгі найзасын аспаннан төнген әлдебір кесапатқа қарсы жалт еткізіп сілтей қалған тәрізді. Халықтың арасында Оқжетпес туралы үш аңыз өте танымал.

1. Бағзы заманда қазақ пен қалмақ бір-бірімен жауласып, соғыс буы сарбаздарды ерлікке жігерлендіріп, атақ-даңқ пен жорықтардың елесі ерлерге рух берген заман екен. Абылай хан осындай бір сәтті жорықтан Бұрабайға үлкен олжамен оралған екен. Бір биік жартастың жанына тоқтап, қолға түскен мүлікті молынан және әділетті түрде жігіттеріне үлестіріп берген. Әрбірінің үлесін берсе де, бір кезде сарбаздардың арасында бітіспес дау-жанжал басталып кетіпті. Даудың себебі – жүздіктің көзінен өткендей көркем, осы жорықта тұтқынға түскен қалмақ қызы. Жағдай ұшығып бара жатқан соң хан тұтқын қызды өзіне алдырып: «Сұлуым! Міне, бірінен бірі өткен ержүрек сарбаздарым алдында түгел тұр. Қай-қайсына қоссам да әрбірі де соған лайық, сондықтан бүгін саған зор құрмет көрсетіп, жар тандау



құқын бердім!» – деген екен. Еліктің лағындай дір-дір қакқан қыз түнгі аспандай қап-қара тұңғық көзін бір төңкеріп, қанатын қомдаған лашындай бойын тіктеп: «Күдіретті хан ием, көрсеткен құрметіңе рахмет! Тандау менде болса, сынарым ең беделді азаматың болсын. Менің мына аппақ орамалым ана жылтыр жартастың ең құзар шанына ілінсін. Орамалға қай сарбазыңның оғы жетсе, соған өмірлік жар боламын!», – депті. Хан жарлығын орындамақ болып тұра ұмтылған жігіттер белдеріне арқан орап, құзар шыңның ұшына орамалды тіккен екен. Қайсар қыз сайысты құзар шыңның шоқысына шығып қадағалауға ханнан рұқсат сұрайды. Делбесі қозған сарбаздар жебелерін бірінен соң бірін аспанға атқылағанмен, бірде-бірі нысанаға жетпей, даурығып жүргенде, елінен, жерінен, сүйіктісінен айырылған ару құзар шыңның басынан Әулиекөлдін көгілдір тұңғығына қарғып кетіпті. Сол аты аңызға айналған шынды халық «Оқжетпес» атап кетіпті. Осы секілді халық аңызынан басқа, саяхатшы А.Т.Славцов Оқжетпес туралы ертедегі аңызды жазды.

ҚАБАНБАЙ БАТЫР КЕСЕНЕСІ

(Целиноград ауданы)

Қабанбай батыр кесенесі Целиноград ауданы Қабанбай

ауылынан 5 шақырым жерде орналасқан. Ту көтеріп, ел қорғаған сүйікті батырын халық Қабанбай деп атады (азан шақырып қойған аты – Ерасыл).

Қабанбай XVII ғасырдың соңында Қожағұл батырдың отбасында дүниеге келген. Жоңғар-қазақ соғысының басында Қабанбайдың әкесі мен ағасы алғашқы құрбандары болады. Сіздер білетіндей, халықтың ашуы қайғыдан басталады. Ол 16 жасында Қабанбай күресушілердің қатарына қосылды. Әскери ортада тәрбиеленген жас жігіт қолмен күресудің техникасы мен әдістерін игерді, сондай-ақ тактикалық шайқас жүргізуді білді, ол тез бедел жинады. Шайқастарда ерекше батылдық танытып, сол үшін бірінен есімге ие болды: Ізбасар деген ат – әкесінің ерлік істерін жалғастырушы, Қарбала – жас жігіт, күш иесі, Дарабоз – ерекше деген мағына берсе, Қабан – жабайы қабандарды жайратып, «Қабан батыр» деп аттанған.

Соңғы берілген ат – Қабанбай жалпыға танымал есім болып қалды.



Кейініректе Қабанбай батыр қазақтың ұлт-азаттық жауынгерлерінің басшысы болып, бірақ өзінің қатардағы сарбаз болып, біртіндеп бірінші жасақтың басшысы (жүзбасы), полк басшысы (мыңбасы), ірі қолбасшы (түменбасы), 1723 жылы жойқын апат басталғанда, Қабанбай Қазақ хандығының астанасы, киелі Түркістан қаласынның қорғаныс басшысы болып тағайындалды. Қабанбай қырық жылдан астам уақыт бойы ұлт-азаттық соғыстың туы астында соғысып, осы уақыт аралығында ол ірі 103 шайқасқа қатысқан. Ақмола облысының Целиноград ауданы Қабанбай батыр ауылдық округінің аумағында тарих және мәдениет нысаны саналатын Қабанбай батыр кесенесі орналасқан.

2000 жылдың 3 қарашасында Рождественка ауылында Сарыадыр деген жерде (қазір Қабанбай батыр атындағы ауыл) елге танымал қазақ батырының ескерткіші ашылды. XVIII ғасырдың аяғында оның жетекшілігімен жоңғарларды жеңіп шығып, қазақтарды қырылудан құтқарды.

Батырдың жерленген жерінде 25 метрлік кесене орнатылған. Ғимараттың жалпы ауданы – 41,3 шаршы метр.

БЕСПАҚЫР КЕНЕСІ

(Қорғалжын ауданы)

Беспакыр мазары – XIX ғасырдың аяғында салынған діни-сәулет ескерткіші болып саналады. Нұра өзенінің оң жақ жағалауындағы ескі моланың аумағында ашық алаңында орналасқан. Мазар салынған кірпіш құрамы қойдың сүті, жүні, аттың жалы мен саз балшықтан тұрады. Қазақ халқының соңғы ханы Кенесары Қасымовтың басшылығымен 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық соғыс кезінде қаза тапқан бес адамға Беспакыр мазарын салғаны туралы халық арасында аңыз бар. Беспакыр сөзінің мағынасы «бес адамның қайғысына ортақтасу» дегенді білдіреді. Мөлшері – 30х22 (23) х 10 см және 50х25х10 шикі өңделген кірпіштен қаланған. Кіру есігі көлемі күмбезінің үстіңгі бөлігі оғырылған, қір арқасының жан-жағындағы қабырғада бұзылған жерлері бар.

Беспакыр мазары Қорғалжын ауданы Абай ауылында орналасқан.

Байкен КӨБЕЕВ, Ақмола облысы

Бас редактор — директор

Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС – жасатар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК – Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ– Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН – Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК

(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Талсырыс – №2135;

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпаниярының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Қ куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.